



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Ақция

«Таза Қазақстан»: талап пен тиянақты іс

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың аймақтарды абаттандыру және көгалдандыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатқаны белгілі. Аталған игі жоба әр жылы жалғасын тауып, аудан орталығы мен ауылдық округтерде де көркейту-көгалдандыру жұмыстары тұрақты атқарылуда. Аудан әкімінің «Ауданның елді мекендер аумақтарында санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандыру шаралары туралы» 2024 жылғы №110 санды өкіміне сәйкес, былтыр көктемнен бері бүгінге дейін 84 сенбілік ұйымдастырылған. 4980 тоннаға жуық қоқыс пен қатты қалдық арнайы техникамен шығарылды.



Жалпы «Таза Қазақстан» республикалық акциясымен аудан көлемінде «Таза қала», «Болашақты бірге отырғызамыз», «Өз ағашыңды отырғыз» және «Мөлдір бұлақ» санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандыру апталықтары өтуде. Мұндай шараларға 3 мыңға жуық тұрғын қатысып, 27 арнайы техника белінген. Сонымен қатар 8067 тонна қатты қалдық полигонға жеткізілді. Бұдан бөлек аллеялардың, саябақтар және тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағы тазартылып, әрлеп-сырлау жұмыстары жүрді. Ал 2025 жылға жоспарланған 32 800 түп ағаш толықтай отырғызылған. – Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр да Жалағашта «Таза Қазақстан» акциясы жалғасын тапты. Орталық алаң мен «Тағым» аллеясына тал көшеттері егіліп, игі бастамаға аудан әкімі мен зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, этнос өкілдері, еріктілер және белсенді жастар түгел атсалысқан болатын. Сонымен қатар кент әкімдігі, бөлімдер мен ауылдық округтерде әр сенбі сайын

тұрғындар тазалық шараларын қалып қалдырмады. Мысалы, қоғамдық даму бөлімі, жастар ресурстық орталығымен бірге ерікті жастар 80 түп ағаш көшетін отырғызды. Сондай-ақ «Аманат» партиясының аудандық филиалының ұйымдастыруымен Ұлы Отан соғысының 80 жылдығына орай патриоттық шара өтіп, «Ер есімі ел есінде» монументінде тазалық жұмысы жүрген болатын. «Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау» күніне орай аудандағы ескерткіштер маңы да жастар бастамасымен тазаланды. Өткен жылы аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың қатысуымен экологиялық акцияда 100 түп ағаш көшеті отырғызылды. Сонымен қатар шараға белсене атсалысқан мекеме қызметкерлері мен жалағаштық тұрғындарға аудан басшысы ризашылығын айтып, арнайы алғыс хатпен марапаттады, – дейді аудандық қоғамдық даму бөлімінің бас маманы Дана Сабырбай.

Оның айтуынша, бұған дейін аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес, аудан мекемелеріне тал егу және көгалдандыру үшін арнайы жер телімдері бөлінді. Бұл бағытта белсенділік танытқан аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі қаржылай сертификатқа ие болған. Сондай-ақ Жалағашта республикалық «Эко-өдеттер» чөлленджемін жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, табиғатты аялау және тұрақты әдеттерді насихаттау мақсатында іс-шаралар өткен. Ақция барысында тұрғындар, ардагерлер, еріктілер, кәсіпкерлер мен жастар белсенді танытып, туған өлкеңі көркейтуге белсене атсалысып жүр. – Кент және ауылдық округтерде тазалыққа қатысты баннерлер халық көп шоғырланатын орындарға қойылған. Әр апта сайын аудандағы барлық мекеме белгіленген аймақтарда санитарлық, тазарту жұмыстарын жүргізіп отыр. Мұндай игі жұмыстарды халық арасында насихаттау тоқтаған емес. Ел

ішіндегі табиғатқа деген жанашырлық, қоғамдағы тазалық ісі газет беттерінде, сайт пен әлеуметтік желі, сондай-ақ «Qyzylorda» және «Qogam tv» теларна хабарларында тұрақты көрсетілуде, – дейді бас маман. Биыл Жалағаш ауданы бойынша санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге аудандық бюджеттен 57 млн теңге бөлінген. Өткен айда «Мөлдір бұлақ» шарасымен Сырдария өзені мен канал жағалауларында тазалық жұмыстары ұйымдастырылыпты. Сондай-ақ аудан бойынша көркейту-көгалдандыру жоспарына сәйкес, осы жылы 14 956 тал көшетін егу керек болса, бүгінде 1500 түп түрлі тал отырғызылған. Айта кету керек, талап пен тиянақтылық ұшқасқан акция алдағы уақытта да жалғасын таба береді.

Ержан ҚОЖАС

Білім жаңалықтары

Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Сүлейменова педагогтердің білімін бағалау жүйесіне қатысты қабылданған жаңа шешімдер бойынша түсініктеме берді. Министрдің айтуынша, мұғалімдердің құқықтары толық сақталып, қазіргі аттестация үдерісі бойынша басталған рәсімдер аяқсыз қалмайды. Бұл өзгерістер 2026 жылғы қаңтарда енгізілген жаңа ережелермен байланысты болып отыр.

Тест тапсырмағандардың санаты сақтала ма?



Министрдің мәліметінше, биыл аттестацияға қатысқан педагогтердің барлығы өз рәсімдерін толық аяқтайды, яғни «ПББ» тестін тапсырып, портфолиосын жүктеген мұғалімдердің аттестациясы толық аяқталды. Ал тест тапсырып үлгермеген, портфолиосын жүктемеген педагогтерге қосымша мүмкіндік беріледі. Оларға құжаттарын толық жүктеп, аттестацияны аяқтау үшін арнайы мерзім берілетіні хабарланады. Сонымен қатар биыл «ПББ» тестінен өтіп, шекті балл жинамай алмаған мұғалімдерге қатысты да нақты шешім қабылданды. Олар үшін қайта тіркелу өту талап етілмейді, ал сәуір айында жоспарланған тест тапсыру мүмкіндігі жойылған. Бұл санаттағы педагогтерге төленген қаражат толық қайтарылады. Министрдің айтуынша, аталған мұғалімдер өздерінің қазіргі біліктілік санатын сақтап қалады. – Сіздер жаңа аттестация кезеңіне, яғни 2027 жылғы қаңтарға дейін өз категорияларыңызды сақтайсыздар. Қаңтар айында жаңа ережелер енгізілді. Сол жаңа қағидаттармен бірге жаңа аттестация процесін бастаймыз, – деді Жұлдыз Сүлейменова. Білім беру жүйесінде аттестация ережелері жаңартылғанымен, педагогтердің құқықтары мен бұрын берілген санаттары өтпелі кезеңде сақталады.

«Келешек мектептері»: 217 заманауи білім ошағы ашылды

Қазақстанда «Келешек мектептері» жобасы аясында білім беру инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары қарқын алды. Жоба басталғалы ел аумағында 217 заманауи мектеп пайдалануға берілді. Бұл білім ошақтары оқушы санының артуы мен жаңа технологияларға негізделген оқытуға бейімделген.



Жаңа мектептерде бүгінде 200 мыңнан астам оқушы білім алууда. Ал сабақ үдерісін 16 000-нан астам мұғалім заманауи әдістер арқылы жүргізіп отыр. Бұл білім беру сапасын арттыруға және оқу процесін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдердің кәсіби дамуына да ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазіргі таңда 10 мыңнан астам педагог жасанды интеллект, цифрлық құралдар, STEM бағыты және жаңа педагогикалық тәсілдер бойынша арнайы курстардан өтті. Оқыту семинарлары Зияткерлік мектептер, «Білім-Инновация» лицейлері және «Өрлеу» орталығының базасында ұйымдастырылып келеді. Бұл алаңдар педагогтердің тәжірибе алмасуына және жаңа білім беру әдістерін меңгеруіне жол ашып отыр. Сонымен қатар мектеп директорларын іріктеу жүйесі де жаңартылды. Басшылық қызметке тәжірибелі педагогтермен қатар «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасының түлектері де тағайындалып жатыр. Директорлар стратегиялық конференциялар аясында STEM-білім беру моделін меңгеріп, дарынды оқушылардың қабілетін дамыту, кадрлық әлеуетті күшейтеу және жасанды интеллект негізінде сабақ жоспарлау әдістерін үйреніп жатыр. Жоба шеңберіндегі бұл бастамалар әліміздегі мектептердің сапасын арттырып, білім беру жүйесін жаңа деңгейге көтеруге бағытталған.

«ЖЖ» ақпарат

Кәсіпкер отбасы

Ауданда жеке тіс стоматологиясы саусақпен санарлық. Осындай жауапкершілігі жоғары саланың бір шетінде жүріп, халыққа сапалы қызмет көрсетуді мақсат еткен кәсіпкерлер Самат Мирамбекұлы мен Гүлдана Кенжетайқызы өз ісін табандылықпен дамытып, кәсіби тәжірибесін жеке бағытта шыңдап келеді. Кәсібін табыс көзі ғана емес, елге қызмет етудің жолы деп ұғынған олар, заман талабына сай жаңашылдықты да жатсынбай, дәстүр мен дамуды қатар ұштастырып жүр. Бүгінде тіс дәрігерлерінің еңбегі – аудан тұрғындары үшін қолжетімді әрі сенімді стоматологиялық қызметтің қалыптасуына қосылған маңызды үлес.



«Samat Dent» стоматологиясы – отбасылық кәсіптің айнымас үлгісі. Қазіргі Қарақатқенге қарасты Далдабай елді мекенінің тумасы Самат Мирамбекұлы еңбек жолын аудандық емханада тіс дәрігері болып бастады. Бастапқыда «емдеу ісі» мамандығына бел байлаған талапкер құжат тапсырар сәтте стоматология бағытын таңдайды. Қазақы ұғымда мұндайды «пешене» деп жатады. Шынында, бұйырған іс берекелі болды. Қызылорда қаласындағы медициналық оқу орнын абыроймен тәмамдаған жас маман 2014 жылы туған топырағына табан тіреді. Бүгінде он жылға жуық тәжірибесі бар стоматолог әр науқастың жан күйін етене түсінуге тырысады. Өйткені ол үшін ем – тек тісті жазу емес, адамның сенімін жоғалтпау. Кейіпкеріміздің бойынан бірден байқалатын нәрсе – асығыстыққа бой алдырмайтын сабыр мен жылы қарым-қатынас. Науқасты қарсы алған сәттен-ақ оның бойындағы қазақы ілтипат сезіледі. Заман алға жылжыған сайын медицина да жаңарып келеді. Ол да білімін жетілдіріп, жаңа тәсілдерді меңгеріп жүр. Бірақ соның бәрін түбінде бір ғана қағида бар, адамдарға пайдалы болу. Қарап отырып, бір нәрсені анық аңғарсаң, нағыз мамандық жүрекпен таңдалғанда ғана мағыналы болады. Ал жүректен шыққан еңбек көптің ықыласына бөленетіні тағы бар. Кәсіпкерлік нысанның есігін айқара ашқаны жақында ғана. Былтыр қара-

шада бой көрсеткен бастаманың басы-қасында жүрген жан оның өмірлік серігі екенін кейін білді. Жары Гүлдана да – тіс дәрігері ретінде жеті жылға жуық еңбек етіп, өз ісінің қыр-сырын терең меңгерген маман. Осы саладағы ортақ жол ортақ қызығушылық оларды табыстырып, бүгінде бір мақсатқа жұмылған серіктестікке ұластырды. Бірі бастаған істің бағытын айқындаса, екіншісі соның берік тірегіне айналғандай. – Стоматологияны тәмамдаған әр дәрігердің ой түкпірінде бір арман бұғып жататыны рас. Ол – бір күні өз алдына еңшілеп жеке ісін бастау. Бізде де сол ой көптен бері көкейде жүрген. Өткен жылы соның сәті түсіп, мүмкіндік тулды. Жақсы іске келгенде жол да өз ашылады екен, қаражаттың да реті келіп, тәуекелге бел буа бастады. Қазір орталықта әрқайсымыз өз бағытымызбен еңбек етіп жүрміз. Мен хирургиялық, ортопедиялық стоматологиямен айналысамын, ал келіншегім терапиялық ем жүргізеді. Сонымен қатар тағы бір стоматолог пен есеп-қисапты реттейтін маман бар. Бе-

ріміз бір мақсатқа жұмылып, қолдан келгенше сапалы қызмет көрсетуге тырысамыз. Қазір бар күшімізді салып, халықтың сенімінен шығуға жұмыс істеп жатырмыз, – дейді Самат Мирамбекұлы. Тіс стоматологиясында бүгінгі талапқа сай бірқатар заманауи қызмет түрі ұсынылады. Мұнда функционалды вакуумды протез жасау, микропротездеу, тіс реставрациясы жүргізіледі. Сонымен қатар керамикалық тістер мен цирконий тәждер қою арқылы тістің табиғи қалпын қалпына келтіру мүмкіндігі қарастырылған. Одан бөлек ауыз қуысының саулығын сақтауда маңызды саналатын кәсіби тазалау қызметі де жолға қойылған. Бұл жұмыстардың барлығы науқастың жағдайына қарай сапа мен қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылады. – Бұл орталықтың есігі тек аудан орталығына ғана емес, маңайдағы елді мекендерге де ашық. Далдабай, Мөдене, М.Шаменов секілді ауылдардан арнайы іздеп келетіндер аз емес. Алыстан ат терлетіп келген әр адамның сенімі мен

Гүлжан ЕСЖАН

2 ҚОҒАМ

Ел ағасы Қаһарман

Әр адамның өмір белесі аралуан. Оның дұрысын да, бұрысын да қаз қалпында қағазға түсіру оңай шаруа емес. Өйткені естігеннің де, көргеннің де, білгеннің де бәрі есте қала бермейді. Арада қаншама жылдар өтсе де, ойлана келе жаңғырып ойға оралатындары да аз емес. Солардың арасынан өзінің табиғат жаратқан қалыпты жағдайынан қаншалықты биліктің биік баспалдағына көтерілсе де аспайтын да таспайтын, бір сөзбен айтқанда, өзін өзгеріссіз тұрашылдығы мен әділдікті ту етіп тұрақты түрде ұстайтын парасаттылығымен, шаруаны егжей-тегжей білетіндігімен, іскерлігімен, қарапайымдылығымен елдің, халықтың қадірмендісіне айналған азаматтар болады. Ондай азаматтардың атқарған қызметі, жасаған жақсылығы мен еңбектері ел есінде. Сондай тұлғалы басшылардың қатарында болған, Сыр елінің тарихында өзіндік үлесі бар, облыстық экономикасы мен мәдени-әлеуметтік жағдайын көтеруге белсенділікпен араласқан, әсіресе ауыл шаруашылығын өркендетуге көшегі Кеңес дәуірі кезінде тікелей атсалысқан айтулы азаматтың бірі – Қаһарман Табынбаев.



болады. Аталған бастама кезінде облыс деңгейінен асып, республика жұртына дейін жеткізілген-ді. Күріш егісін өсіруге жастардың көптеп келуіне жол ашылды. Диканның ізбасарлары көбейіп, облыста «Жақаевшылар қозғалысы» кеңінен өрістеді. Атақты диканның өзі атап өткендей, облыс күріш өсірумен ұзақ жыл айналысқанымен, оның көлемі, әр гектардан алған өнімі төмен болып келген. Есепке қарасақ, 1960 жылы небәрі 12,1 мың гектар күріш егіліп, орташа өнім 18,5 центнерден айналса, сол тұста күріш егісімен шұғылданған жастардың саны 208 ғана болған екен. Дикан хаты облыс аумағындағы барлық бастаушы комсомол ұйымында, барлық мектепте, оқушылар арасында, барлық кәсіптік училище жастарының қатысуымен кең түрде талқылау жасалды.

«Жақаевшылар қозғалысы» бастама-сына жаңа серпініп, жаңа қолдау беру мақсатында 1964 жылдың желтоқсан айында облыста күрішшілердің тұңғыш съезі өтті. Сплетке Ыбырай Жақаев бастаған озат күрішшілер мен механизаторлар, ауыл шаруашылығының білікті мамандары қатысты. Сплеттің құрметті қонағы болып, Мәскеуден шақырумен екінші космонавт Г.С.Титов келді.

Жауашылар шығармалар жазып, ақшадан өлгендерін арнады. Композиторлардың «Жақаевшылар маршы», «Жақаевшы жастар жыры», «Ақ күріш туралы өн», «Сыр сулуы» әндері осы кезеңде әйгірге келді.

Сол жылдары жастарға арналған жиналыстарға, еңбек озаттарымен өтетін кездесулерге, әртүрлі спорттық шараларға, өзара социалистік жарыстарға, мәдени-әлеуметтік жиналдарға, арнайы тақырыптан өтетін слеттер мен форумдарға қатысқан олар қорытындысына:

«Аңсаңса Сыр өңірі,
Ән тербеп жүрегімді,
Өзіңнен туған ұлың айналсын.
Жайқалған ақ күріштің,
Жаралған шаттық үшін,
Қайран сол, Сыр сулуы қайдасың» деп «Сыр сулуы» әнін айтпай тарқамайтын.

Өмірге озаттар келтірген, өмірден жыр тудырған, өмірден өн шығартқан «Жақаевшылар қозғалысы» баяндап отырғанындай, баспалдақтардан өтіп, өмірге осылайша келген еді, – деп аяқтады әңгімесін ел ағасы Қаһарман Табынбаев.

Жалпы жастардың Жақаевшылар қозғалысы дүниеге келіп, аса үлкен жасампаздықпен қоғамның пәрменді қозғаушы күшіне айналып, қаншама адамның тасы өрге ермелеп, бағы жанып, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болғанына, партия, Кеңес органдарының делегаты мен депутаты болып сайланғанына уақыт, тарих куә.

II

Келешегінен зор үміт күткен облыстық партия комитеті өзі 1965 жылы Алматы қаласындағы жоғары партия мектебіне оқуға жібереді. Оқуды бітіргеннен кейін ол 1967-1979 жылдары облыстық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы, ауыл шаруашылығы бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметтерін абыроймен атқарды.

Осындай лауазымды қызметтерде жүрген кезінде ол табанды да қахырлы істерімен, адамдармен өңге тұтарлық қарым-қатынасымен, қарапайым еңбеккерлерімен, ақшашылдық және ізденімпаздығымен, орна-даушылық қабілетінің тұрақтылығымен, мәселені әділ шешетіндігімен танылып, ұйымдастырушылық қабілетінің жан-жақтылығы, саяси сауатты кадр екенін көрсете білді.

1979 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетіне Қазалы ауданынан бір топ тұрғын атынан жазылған арыз түсіп, ол арнайы тексеріледі. Тексеру барысында арызда көрсетілген фактілер толығымен анықталады. Тексеру қорытындысы Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетінде арнайы қаралып, аудандық экономикасын құлдыратып, саяси тәрбие, әлеуметтік жұмыстарды әлсіретіп, кадрларды іріктеу, тәрбиелеу және орналастыруда партиялық ұстанымды бұзып, аудан партия ұйымын басқаруда КПСС талаптарын қатаң сақтамай, өрескел кемшіліктер мен олқылыққа жол бергені үшін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы партиялық жазаға тартылып, қызметінен босатылады.

Облыстық партия комитеті бұл мәселені Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетінің тікелей бақылауында екенін ескеріп, көп талқылаудан кейін Қазалы аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Қаһарман Табынбаевтың кандидатурасын лайықты етіп табады. Сөйтіп ол 1979 жылы аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына сайланады.

Ауданның жаңа басшысы алғашқы күннен бастап жауапкершілікті жете сезініп, Қазақстан Компартиясы Орталық партия комитетінің шешімінде көрсетілген мәселелерді барлығын терең зерттеп, оны жүзеге асырудың жолдарын қарастырады.

Аудандық партия комитеті өз тарапынан ауданда бүгінгі таңда қалыптасқан жағдайға байланысты облыстық партия комитетіне, аудандағы басшылық кадрдың құрамын қайта қарауды, жаңа кадрлармен нығайтудың қажеттілігі туғанын мәселе етіп қояды. Аудандық партия комитетінің бұл ұсынысына облыстық партия комитеті, оның бірінші хатшысы Төкей Есетов жоғары партиялық принциптілік көрсетіп, үлкен түсіністік танытады. Сөйтіп облыстық партия комитеті аппаратынан Болат Қарғабаевты аудандық партия комитетінің екінші хатшылығына, Қуанышқали Шапшаовты аудандық кеңесі атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасарлығына, Шиелі аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Жолдасбек Ерешбаевты аудандық кеңесі атқару комитетінің төрағасы лауазымына ұсынылып, аудан басшылық құрамы тәжірибелі кадрлармен нығайды.

Басшылық жасау тек нұсқау беру емес, елге, Отанға алғашқы қызмет ету, сенімнен шығу, тынымсыз ізденіс пен іскерлік таныту, өзекті мәселелерді дер кезінде көтеріп, шешімін табуды қамтамасыз ету деп түсінген бірінші хатшы, айнамастан осы бағытта еңбек етуді абыроймен жалғастырады.

Аудан алдында саналуан міндет тұрды. Әсіресе жоғары партия органдарының шешімдерін тез арада жүзеге асыру кезек күттірмейтін белгілі. Сонымен қатар әр шаруашылықта қаржылық жағдайдың дұрыс сақталмауына, мал өнімінің төмен болуына, оның өрескел талан-таражға түсуіне, мал басының кем болуына, осылардың өсерінен жыл сайын шаруашылықтың зиянға отырып келе жатқанын тоқтатудың шұғыл шараларын жүзеге асыру міндеті тұрды.

Бұл мәселелер аудандық партия комитетінің бюросында арнайы талқыланып, «Қызылқұм», «Бозкөл», «Жаңақұрылық», «Энгельс» атындағы совхоздардың директорлары, Абай атындағы колхоздың төрағасы қызметтерін босатылып, партиялық жазаға тартылады.

Аудандық партия комитеті «іс тетігін кадр шешеді» деген қағиданы еске ала отырып, кадр резервін жасақтауды қолға алады. Ол үшін оның құрамына алдын ала зерттеліп талқылаудан өткен, көпшілік қолдаған ұжым сөзін білдірген, өндірісте абыройлы еңбек етіп жүрген қолынан іс келетін жас мамандар алынады. Уақыт өте олардың бірсыпырасы жауапты қызметке, басшылық жұмысқа жіберіледі.

Аудан экономикасының алға басыуының басты «аксиомасы» осал жерлерді қолынан іс келетін кадрлармен нығайтып, оларға жан-жақты қолдау көрсетіп, қатаң талап қойып отыру керектігі баршаға аян. Осы бағыттағы жұмыстар алғашқы жүйелі түрде жүргізіледі. Сонымен бірге келешегінен үміт күттіретін жас маман кадрларды назарда ұстап, өндірістің шешуші орындарына қызметке батыл ұсынып, өмірден тәжірибе жинақтауына, үйренуіне жол ашып, қамқорлыққа алынады.

Жүргізілген нәтижелі жұмыстың арқасында мемлекеттік жоспарлар халық шаруашылығының барлық салалары бойынша жыл сайын артығымен орындалып, аудан облыстағы алдығы саптағы ауданның деңгейіне көтерілуіне қол жеткізіледі.

Екеуара өңірге арасында Қаһарман Табынбаев: – Әсіресе ауыл шаруашылығы саласын жетегіне алған шаруаның қара қазанында жастайынан қайнап піскен жұмыстың қырық қабат қыры мен сырына қанық, әрдайым желдің өтінде жүріп, өліне үлкен қайраткерлікпен еңбек еткен Жарыққасын Шариповтің жөні белек. Жалпы менің 80-жылдардағы киелі Қазалы ауданында өткізген жарқын, шуақты күндерді өзімнің өмірдерімегідей айшықты, жемісті жылдарым екен ғой, – деп сағынышпен еске алды.

III

Қандай қоғамда да биліктің айтқаны екі болмайды. Ол – өмір заңдылығы. Кеңес қоғамындағы партия билігі де осы қағидадан айған емес. Қаһарман Табынбаевты 1983 жылдың аяғында Қармақты аудандық партия комитетінің бірінші хатшылық лауазымына ауыстырды. Мұнда да ол үшін қарбалас жұмыстар басталып, аудан абыройын асқақтату нәтижесі мақсат болды, осы бағыттағы оның еңбегі де өзінің нәтижесін берді.

Ол 1986 жылдан бастап мамандығына сәйкес, партиялық тапсырмамен облыстық мал тұқымын асылдандыру станциясының директоры қызметіне тағайындалды. Одан соң облыстық тұтыну қоғамы төрағасының орынбасары, дайындау конторасының директоры міндетін атқарды. Ең бастысы, қай сала, қай лауазым болса да, Қаһарман Тоғызбайұлы өзіне жүктелген міндетті жұмысты үлкен демеі, кіші демеі уақыт талабына сай

атқарып, абырой биігінен орын алды. Әр дәуірдің өз талабы өз заңдылығы болады. Соған орай сол сыннан сол заманның мемлекеттік қызметінде өзін көрсете білген, елден халықтан мемлекеттен тиісті бағасын алған азамат. Мәселен, оның көудесіндегі тізілген «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендері мен ондаған медаль, Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының «Құрмет» грамотасы, Тәуелсіз еліміздің «Ерен еңбегі үшін», Қазақстан Республикасының ерекше сіңірген еңбегі үшін санаттағы дербес зейнеткер атануының өзі еткен еңбегінің айқын көрінісі емес пе?!

IV

Азаматтың халқына қадірлі, жора-жолдастарының алдында беделді болуы көп жағдайда асыл жарына байланысты. Ер азамат жұмыстан қайтқанда үйдің іші де, балаларының үсті-басы да тап-таза болып, әкелеріне еркелей ұмытса, жұбайы алдынан күлімдеп шығып, жылы шыраймен қарсы алса, жігіттің жаны жай тауып, көңілі жадырап қалмай ма?! Демек, отбасында тыныштық орнатып, жолдасының еркін демалуына жағдай туғызу да – әйел адамның міндеті. Бұлай сыр шертуімізін басты себебі Қаһарман Табынбаевтың жары Ершінің атақты Жиенбай жыраудың ұлы Рүстембек жыраудың қызы екенін, оның отбасындағы іс-қимылдарынан жоғарыда айтқандарымды айна-қатесіз көргендіктен, «тектіден текті туады-ау» дегендіктен кері.

«Дүние – бір көшкен керуен» демекші, сол «көш» 2018 жылы Ершіні алып кетеді. Басқа түскен мұндай ауырталық Қаһарман Табынбаевқа оңай тимеді. Десе де өз-өзіне шек беріп, 5 баласы мен 16 немересінен қуат алған өмірдің қызығы мен қиыншылығын бір адамдай көрген ол барлығын ерлікпен еңсерді.

Кездескенде: – Қаһа қалайсыз?! – десе, – Жақсымын – дейді. – Жақсы адамның жақсылығында шек болмайды» деп осындай мықтылығын айта с керек.

V

Қаһарман Табынбаевтың өмір жолы, атқарған қызметі жастарға үлгі-өнеге етіп айтуға тұрарлық. Өмірдің осындай тұстарын еске ала отырып, «еткен күндерде белгі көп екен-ау» деген тоқтамға келесіз. Елге, жерге деген жауапкершілігін еңбек еткен, талай белесті бағындырған ол кішіге ақылшы аға, ағайын-туыстың қамқоршысы болды.

Әр заманның, әр қауымның өзіне тән белді, беделді қариясы болады. Оны көпшілік «Ел ағасы» деп айтады. Облыс аумағында осындай атаққа ие болған Қаһарман Табынбаевты үйінен көздері оңай шаруа емес. Өйткені оның еркез әркілі шаруалармен жүргенін көресіз. Бірде қоғамдық жұмыстарды атқарумен жүрсе, енді бірде ағайын-туыс, жора-жолдастың қуанышына басшылық етіп жүргені. Әйтеуір боз уақыт деген ол кісіді бола бермейді.

– Үлкендігі де халық қалағандай алып жүрудің өзі оңай шаруа емес екен, – дейді ол. Оз замандарының ішінде қарапайымдылығымен, халқымыздың өдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы меңгергендігімен туған жер мен ел тарихын жетік білетінімен ерекшеленеді.

VI

Әр тұлға жайлы айтылар әңгіменің ауқымы да аралуан болады. Десе де замандың туралы сыр шерту, кейбір оқиғалардың ортақтығы кей жағдайда жүгірді жеңілдететін сияқты. Бұлай деуімізін басты себебі мен 1966-1968 жылдары Алматы қаласындағы Жоғары партия мектебінде оқып жүрген кезімде Қаһарман Табынбаев та осы мектептің тыңдаушысы еді. Осы оқу орнында басталған таныстық одан әрі жалғасын тауып, жолдастығымыз достыққа ұласты.

Менің 1973 жылы желтоқсан айында Жалағаш аудандық партия комитетінің екізеті пленумында аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып сайлануына оның тікелей қатысы болған еді. Ол кезде Қаһарман Табынбаев Жалағаш аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып жұмыс жасайтын. Ал мен Арал аудандық партия комитетінде саяси ағарту кабинетінің меңгерушісі болып қызмет атқарамын. Өңгіме болған бөлімнің бастығы Сәдуа Шадаявтың басқа жұмысқа ауысуына байланысты оның орнына кадр таңдау мәселесі кезінде Қаһарман Табынбаев сонау Арал ауданындағы менің кандидаттарымды қалап, оны сол кездегі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Сұлтан Амановқа айтып, облыстық партия комитетінің партиялық ұйымдастыру бөлімі меңгерушісінің орынбасары Анес Өтегеновтің келісімін алып, қорытындысында мен Жалағаш ауданына қызметке ауысып келдім.

Мұнан кейін біздің достығымыз туыстыққа ұласты. 1985 жылы менің үлкен балам Саладин Қаһарман Табынбаевтың үлкен қызы Ләззатқа үйленіп, біз Табынбаевтар әулетімен мың жылдық құда болдық.

Адам есейе келе, әсіресе қартай келе шау тартады. Бұл өркімнің басында бар жағдай. Ал Қаһарман Табынбаев оған мойынсуынғысы келмейді, қайта үнемі қозғалыс үстінде болды. Онда мәнсіней немесе басқаша дәлел айтып, шақырған жерге бармау деген болмайды. Ешкімнің де кейлі қалдырғысы келмейді. Оның көпшілік ортасында сый-құрметке бөленуінің, сөзінің өтімділігінің, ел арасындағы қадірінің барлығының басты сыры бойында адамгершілік қасиетінің молдығынан болар.

Ресей патшалығын мойынсыбаған Жан-қожа батыр шыққан, көшегі Кеңес дәуірі кезінде жалындалған жас қайраткер Ғани Мұратбаевты өмірге келтірген Қазалы ауданы мен Қорқыт ата жатқан жер кіндігімен, сүйелдердің сүйелі Турмағамбет Ізтілеуовтің отаны Қармақты ауданын басқарған Қаһарман Табынбаевтың өмір жолы – кейінгі бұынға өнеге. Ол «Мемлекет мен үшін не берді деп емес, мен мемлекет үшін не бере аламын?» деген қағидамен еңбек етті.

Кеше «Руханият» орталығында республикалық референдумды жоғары деңгейде ұйымдастыруға және өткізуге белсенді атсалысқан азаматтарды марапаттау рәсімі өтті. Салтанатты жиында «Аманат» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева ел өміріндегі маңызды саяси науқанға үлес қосқан жандарға алғыс білдірді.

Елдік бастамада табанды еңбек еледі



Іс-шара барысында бірқатар азаматқа Мемлекет басшысының, облыс әкімінің, сондай-ақ қоғамдық даму басқармасы мен партияның облыстық және аудандық филиалдары төрағаларының алғыс хаттары табысты. Марапат иелері – референдум кезінде қоғамдық тұрақтылықты сақтауға, тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, үгіт-насихат шараларын үйлестіруге белсене қатысқан қоғам белсенділері мен жалпыұлттық қоалиция мүшелері.

Жұридің Қаншағұл Мұстафаева былғы жылдың ел тарихындағы маңызы ерекше екенін атап өтті. Оның айтуынша, тәуелсіз Қазақстан жаңа тарихи кезеңге қадам басып отыр. – Быыл еліміз үшін айрықша мәні бар кезең болды. 15 наурызда өткен республикалық референдум – мемлекетіміздің болашақ даму бағытын айқындаған маңызды қадам. Бұл саяси науқанда Сыр жұрты жоғары белсенділік танытып, ауызбіршілік пен ұйымшылдықтың жарқын үлгісін көрсетті. Дана халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейді. Жерлестеріміз жаңа Конституцияны қабылдауға үлкен жауапкершілікпен қарап, өңірлер арасында алдыңғы қатардан көрінді. Осы маңызды істі жоғары деңгейде өткізуге қосқан үлестеріңіз үшін баршаңызға алғыс білдіреміз. Егемен еліміздің жарқын болашағы жолындағы еңбектеріңізге табыс тілейміз! – деді ол.

Айта кетейік, 15 наурыз күні өткен республикалық референдумда ел азаматтары жаңа Конституцияны қолдап, мемлекет дамуының жаңа кезеңіне ақашты. Бұл халықтың саяси белсенділігі мен ел тағдырына деген жауапкершілігінің айқын көрінісі болды.

Жаңа қабылданған Конституцияға сәйкес, «Халық Конституциясы» 1 шілдеден бастап ресми түрде күшіне енеді. Бұл құжат елдің құқықтық жүйесін жаңғыртып, демократиялық қағидаттарды нығайтуға бағытталған маңызды қадам ретінде бағаланады.

Акцияда ағаш отырғызды

Өткен аптада «Ақтерек» сауықтыру орталығының аумағында көктемгі тал егу акциясы ұйымдастырылып, табиғатты көркейтеуге бағытталған игі шара жоғары деңгейде өтті. Іс-шара барысында аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Сүлейменов абытандыру мен көгалдандыру жұмыстарының маңыздылығына ерекше тоқталып, аудан әкімінің тапсырмасына сәйкес бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырып, сапалы орындау қажеттігін қаперге.

«Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында игі бастамалар кең көлемде жүзеге асыра. Аукымды экологиялық шара Жалағаш ауданында да жалғасын тауып, тұрғындар бір кісідей жұмылып, ағаш егу жұмыстарына белсене қатысты. Соның ішінде «Ақтерек» сауықтыру орталығының аумағында ағаш отырғызу жұмыстары қарқынды жүргізілді. Игі іске қатысушылар орталық аумағын көгалдандыруға өз үлесін қосып, табиғатты қорғауға деген жауапкершіліктерін көрсетті.


Аудан әкімінің міндетін атқарушы Ғани Сүлейменов ағаш егу болашақ ұрпаққа қалатын игі мұра екенін атап өтті. Сондай-ақ бұл бастама табиғатты аялау мен туған жерге деген жауапкершіліктің айқын көрінісі екенін жеткізіп, мұндай экологиялық шаралар алдағы уақытта да тұрақты түрде жалғасатынын айтты.

– Ел Президенті бастамашы болған «Таза Қазақстан» республикалық акциясы өңірлерде кең қолдау табуда. Осы игі бастама аясында «Ақтерек» лагерінде де ауқымды тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, айнала көркейіп келеді. Сыр өңірінің тұрғындары бұл акцияда ерекше белсенділік танытып, туған өлкенің тазалығы мен көркіне өз үлесін қосуда. Жастармен қатар ардагерлер де бұл бастамадан тыс қалмай, көпшілікке үлгі боларлықтай еңбек етуде. Туған өлкеміздің таза болғанын біз де қалаймыз. Сондықтан бұл игі іске атсалысып, қолдау білдіруді азаматтық борышымыз деп білеміз. Ардагерлер де шет қалмай, жастармен бірге еңбек етіп жатыр, – деді Мұратбек Алдамбергенов.

Иә, аталған акцияға ардагерлер, ерікті жастар, ұстаздар және түрлі мекеме қызметкерлері белсенді қатысып, ортақ іске өз үлесін қосты. Қатысушылар бірлесіп еңбек етіп, орталық аумағына көшеттер отырғызды. Айта кетейік, мұндай экологиялық бастамалар өңірдің көркеюіне ғана емес, тұрғындардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттыруға да ықпал етеді.

«ЖЖ» ақпарат

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі



Елдің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан атпал азамат Әбдіжәлел Ерәлиевтің есімі Жалағаш жұртына етене таныс. Тағылымды ғұмыр иесі ағарту саласына саналы ғұмырын сарп етіп, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруға тер төкті. Ал басшылық қызметтегі оның нақты мақсатқа еңбек өткені – қай буынға да өнеге. Айдыны кең, асқары биік ауданның дамуында өзіндік қолтаңбасы бар Әбдіжәлел Көшекбайұлы жайлы замандас-достары, ұрпақтарының мақалаларын басылымның бүгінгі санында жариялап отырмыз. Осындай елге ортақ тұлғалардың тағылымға толы ғұмыр жолы еске лең ұрпаққа рухани азық болары анық.



Асқақ рухты азамат

Мен Әбдіжәлелмен аудан орталығындағы Сталин атындағы қазақ-орыс мектебінде бірге оқыдым. Ұзын бойлы, аққубаша бозбаланың сабақ үлгерімі өте жақсы еді. Ол басқа балалардай ешкімге соқпақпады, оған ешкім тиіспейтін. Осы жағынан Әбдіжәлел екеуміздің мінезімізде ұқсастық болды.



Жалағашта 10-15-төң құрдастары бірге қызметтес болдық. Отбасылық қуаныштарымызды бірге бөлісетінбіз. «Жігітті бірге жүрген жолдасынан таны» дейді. Әббейдің де жолдастары осал емес-ті. Ол өте сыпайы жігіт еді. Отырыста орынды сөз, әдемі әзілдерімен ортаны баурап алатын. Сондай-ақ Әббейдің құлаққа жатымды қоңыр дауысы бар. Әлгідей басымыз қосылғанда қолқа салсақ, еш бәлсізбей баянмен тамылжыта ән шырқап, домбыра шанағынан күй төгетін. Сол кезде ерекше талғаммен кінген, ұзын бойлы, аққұба, сұлу жігіт домбырасын қолына алып, қоңыр дауысымен ән салғанда Біржан сал, Ақан серілер келгендей күй кешуші едік. Бір қызығы, Әббей отырыста қандай еркін болса, қызмет бабында өте қатал болды. Ол өзгелерге емес, ең алдымен өзіне қатаң талап қоятын. Қандай жағдайда да өзгермейтін қатаң жүйедегі күнделікті жұмыс тәртібі болды.

Әбдіжәлел – ақылымен, таудай талабымен, адал еңбегімен, қажыр-қайратымен, табан ет, маңдай терімен, таза еңбегімен қызмет баспалдағымен көтерілген адам. Пединститутты бітірген соң аз ғана уақыт мұғалім болды, қызметтік өмірін аудандық партия комитетінде жауапты қызметте, соххоздарда партокм хатшысы болып жалғастырды. Осы қызметте ол ұлағатты ұстаз, шебер ұйымдастырушы, іскер басшы ретінде өзін көрсете білді. Атақ-мансап қумады, мансап пен абырой Әббейдің өзі іздеп тапты.

Ол ешкімді жат көрмеді, бөле-жарып алапаған емес. Жұмысына адал болды, әділдікті өмірлік қағидаға айналдырды. Сонысымен ортасына, халыққа сыйлы болды.

Әбдіжәлелмен бірге отырып өңгімелесудің өзі бір ганибет еді. Ол білмейтін сала жоқ. Ескі аңыз өңгімелер, ата-тек шежірелері, шешендер мен билерден қалған ұлағатты сөздер айтқанда көне заманнан қалған қазына-көмбеге тап болғандай рухани ләззат алып, көкірек сарайың ашылады. Жұрт жеті атасын түттеп тани алмай жүрген кеңестік кезеңде Әбдіжәлел өз шыққан Адамбай сарғасқа аталығын түгендеп беретін. Әкесі Көшекбай ақсақал Сыр еліне белгілі ұстаз, шежіреші, көшгі қызыл үкіметтің кезінде де бес уақыт намазын қаза қылмаған діндар кісі болған.

Қазақта «жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды» деген жақсы сөз бар. Әбдіжәлелдің адал жаны Құлайша өмірлік жан серігі бола білді. Ұрпағын өсіріп, көсегесін көгертті, төңірегін түгендеп, іргесін бүтіндеп, абыройын асырды. Балалары өкпенде ерте айырлыса да Күлекең сол балаларға өке орнына өке болып, бағып-қағып өсірді.

Адам тағдырынан қаша алмайды. Алла пешенені не жазса, соны көресің. Әбдіжәлел көнеттен жазылмайтын қызығең шалдықты. Бірақ ол оған уайым шепіп қиналған жоқ, қиналаса да оны сырт көзге білдірмеді. Жаратылысына Алла берген сабырын серік етті. Дертті жанына батса да, көңілін сұрай барғандарға іштей жанын жеткен ауруы жайында шағын тіс жарған емес. Көрсінше көтеріңкі көңіл күймен қарсы алатын. Бірде бір топ сыншылдар көңілін сұрай барды. Ол әдеттегідей бізді жайдары қарсы алды. Өткен-кеткен қызықтарды айтты, көңілін аулау үшін біз де Әббейдің көңілін көтеруге тырыстық. Мұнымызды ол білмеді, емес, біледі. Ардада үнсіздік орнады. Біз сол сәтте кешегі апталдай азаматтың тосекке танылып, аз уақытта шикімдей болып шегіп кеткенің кешегі сұлу келбеті ақ шүберектей болып өңіп қалғанын аңғардық. Әйтсе де жанарының оты сөнбейтін. Оның тұңғыш жанарынан өмірге деген құштарлықты көрдік. Ол да Әббейдің басына түскен қиындықтар күресетін қайсарлығының белгісі еді.

Бірге оқыған жора-жолдастардың ішінде маңдайы жарқыраған Әбдіжәлел Ерәлиев Исатай Әбдікерімов, Сұлтан Аманов, Қонысбек Қазантаев, Сейітбек Шаухаманов, Қанарман Табынбаев сияқты Сыр бойына белгілі азаматтармен иық тіресе қызмет жасады. Еліне, қоғамға берері көп еді, аз уақытта қажырлы еңбегімен қоғамға сыйлы болды. Сондықтан арда азаматтың асқақ рухы еске алатын халқы барда өз бидіңде қала бермек.

Тасқара БАЙНИЯЗОВ,
Жалағаш ауданының
құрметті азаматы

Өмірден қимас жан бауырың өткені қандай қиын еді, ал ол туралы естелік жазу қиынның қиыны. Иә, айдай аппақ Әбдіжәлел ағайымды аңырап жоқтап, ақ жуып арулап, сұлу жүзін жер қойнына тапсырғанымызға да қырық бір жылдың жүзі болыпты-ау! Талай күн өз осыған айналып, талай түн таңға асыға өз орнын күнге ұластырып, ай-айға, жыл-жылға ұласып, өмір өтіп жатыр! Тек қана менің ағатайым Көшекбайұлы Әбдіжәлел ғана жоқ. Егер тірі болса, тоқсанға келген тойын жасап, төрдің төбесінде отырар едің-ау.

Амал нешік, тағдырдың жазуы 49 жыл ғана екен! Шүкір «Орнында бар оңалар» деген артында ұрпақтары бар. Ұлдары есті, үй болды, қыздары өз орындарын тапты. Қазіргі таңда нәмерелері де жігіт болды. Тек осындай бала-нәмере қызықтарын көретін аппақ ағайым мен гүлдей Құлайша жеңешем жоқ арамызда. Ендігі тілерім, өздері өмірге өкелген ұл-қыздары, нәмерелері аман болса екен! Жә, қайғыға кете бермей, өзіміздің балалық шағмыа, ағайыммен өткен күндерімді еске алаймын!

Бағызда, 3-4 жас кезім шығар, үйдің ішін бауырсақтың дәмі иісі, адамдардың шат күлкісі, менімен қатар кішкентай балалардың бірін-бірі қуалап жүргені есімде. Бір кезде қораның өсіген ақсары, орта бойлы ажарлы келген қыз кіріп келе жатты. Үлкен ежелердің бірі алдынан шашу шашып, екіншісі орамал салды. Ішкі бөлмедегі құрлы тұрған ақ шымалдыққа отырғызды. Менен сәл үлкендеу қыздар келінішпен бірге сол шымалдыққа отырғаны есімде.

Кейін бірер күн өткен соң ба, білмеймін, жеңешем өз бөлмесіне тесек салып жатыр екен, мені көрген ағам құшақтап, бөлмесіне алып кірді. Мен ағам мен жеңгемнің орталарына жатып, ұйықтап қалыппын. Бір кезде оянасам, ағам Зағипа мені көтеріп, басқа бөлмедегі өз төсегіме апара жатыр екен. Мен «бармаймын» деп жыйпаймын ғой бағыз.

– Үртө, болмайды, өз төсегіңе жат, – деп дауысын сәл қатайтты. Мен ағамды құшақтап, ұйықтап қалыппын. Осындай сәби кезімдегі балалық-шалалық шақтың бір сәті ғой.

Арада жылдар өтті. Қыстың бір әдемі

Асыл ағаны еске алу



күні, тізеден келетін аппақ қар, әкем далада аттан түсіп, үйге келе жатыр екен! Үй жыл-жылы, пештегі от маздап жанып, олардан жарқ-жүркі от шашырауын пештің үстіндегі шөйнектің бурқ-сарқ қайнауына мез болып қарап тұрғанда әкем Көшекбай үсті-басы, мұрты ақ қырау болып, өсіктен кіріп келе жатты. Қолында көгілдір конверттегі хат. Алдынан жүгіріп шығып: – Көке, хат па, мен оқимыншы! – дедім. Сол кездері ағайым Ашхабат қаласында әскери борышын өтеп жүрген кезі екен.

– Ой, көкесі, Төретайдан хат келіп пе, оқышы Үртө, – деп ағамның айтқаны есімде.

Мен ежелеп оқып жатырмын. Ағам пыр-пыр етіп, көзіне жас алып тұр екен. – Әй, Заке-ау, Әбдіжәлел Құдай қаласа, жазда келеді ғой, жылмама, одан да балаңа сақтаған жылы-жұмсағыңды қазанға сал бойымызды қыздырып алайық! – деп еді-ау, жарықтық көкем.

Содан мен де жазды тағсыздана күтіп жүрдім. Ауылдың шетіндегі үлкен алаңдай да ұзын, биік ақ-қарамен боялған баған бар, ұшақ басында алабажақ, ұзын үшбұрышты шүберек үнемі желмен бірге ойнап тұрады.

Талай рет әкеммен бірге сол бағанада қыз-қызық қарап тұратынмын. Сол жерге күніне бір рет келетін сары ұшақтан жаз бойы көз алмайтын болдым. Тіпті әр күнде ұшақты көзбен қондырып, көзбен ұзатып салатын едім.

Біздің үйдің дәл іргесіндегі биік, таза, сусылдаған шағыл құм мен үшін тау сияқты еді, соның төбесіне шықсам, ұшақ қонатын жер айқын көрінетін. Ұшақтан (ұмытпасам Ан-2 болуы керек) түскен жолаушылар алыстан мұнартып, сағымның үстінде әдемі би билеп жатқандай елестейтін. Ойын баласы болсам да, ойынқұмар болған емеспін, қайта сондай жүйелі құм, көз алдыма әдемі көріністерді қызықтатып отыратын едім. Ұшақтан түскен жолаушылар «Адамбай төбесі» деп аталатын құм төбесінің жанынан өтіп, жан-жаққа тарайды.

– Апа, бүттен бүгін де келмеді, – деп аузымды тұрттытып, ашуланып, үйге кірерімнен алдым ағамның едім. (Әбдіжәлел ағайымды «тәте» деп атайтын едік.)

– Үртөжәнін-ау, сәл шыда, келетін кезі болып қалды! Жаздың ыстық күні келеді, – деп ағам дауысын созып, мені құшақтап, арқамнан қақты.

Сонымен менің де тағатым таусыла жаздағанда, жаздың ыстық күндерінің бірінде ағатайым да әскерден келді-ау! Көз ұшында, басында фурашасы бар, әскери формасының алтын түймелері күн көзіне шағылысып, қолында чедоманы бар ағайымды алыстан танып, Мәдениет алуының (ол кезде Жамбыл колхозы) шаңын бүркыратып жүргенім-ай! Ол да қолындағы чедоманын тастай сала маған қарай күшағын аша жүгіргені, келе құшақтап, мені аспанға көтеріп, шыр айналғаны мәңгі есімнен кетер ме?!

Содан үйге келгенше ағайым мені көтеріп келді, мен мойнынан айырылмаймын ғой! Әй, бауыр-ай, десейші! Менің сондағы қуанышым өлі күнге басылмайды ғой, басылмайды! Ағайым ауылға келген соң менің сабақтарымыз төкесерді, жазуымды көріп, қайтадан көркем жазумен көп уақытын өткізетін. Кейін педучилищенің бергенде жазуымның жақсы болғаны көп мегім тигізді ғой. Бірінші сыныпта ауыл сахнасында «Қамажай» бин билегенім де осы ағамның ықпалы шығар деп ойлаймын. Бесінші сыныпта маған демалыс кезінде сырнай үйретіп, сол кезде шыққан жаңа «Мұңайманы» қосыла шырқағаным кеше сияқты еді!

Мен есейіп, институт бітіріп, тұрмыс құрып кеттім. Ауылда көптеген партия жынында оркестрде қатар отырдық, ол кісі маңдалында, мен домбырада ойнаймын. Кейінгі жылдары Әбдіжәлел ағайым қатты ауырып, тесек тартып жатқанда 1984 жылдары шыққан Әбдімомын Желдібаевтың күйі «Ерке сұлқымды» орындап бергенім. Құдайдың құдіреті, қатты ауырып жатса да сол күйді қағып алып, өзіме қайта тартып бергенде «не деген есе сақтау қабілет» деп қайран қалғанмын. Сол күйді көңіл сұрап келгендерге «сөздердің көңілдерің көтеріңкі!» деп тартып бердім екен. Көз көргендер өлі күнге осы сәтті жыр қылып айтады. Осы шағын мақалама одасдан 41 жыл бұрын шығарған өткен орны толмас жан Әбдіжәлел ағайым өмірді, өнерді сүйгені туралы сыр шерттім. Әлі де айтар жайттар көп еді, рухыңа тағзым еттім, пейіште нұрың шалқысың, Аға!

Роза КӨШЕКБАЕВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі,
ақын

Замандас келбеті

«Замандасың болмаса, тойға барма» деген ежелден айтылып келе жатқан аталы сөз бар. Бұл сөздің кездейсоқ айтылмағаны баршаға аян. Бірақ оған күнделікті өмірде мән бере бермейміз.

Енді өткеннен аз-кем естелік айтуға тура келеді. Осыдан 43 жыл бұрын Райком деп аталатын үлкен үйде бір топ азамат келбет жасаған. Оларды аудандық партия комитетінің жауапты қызметкерлері дертін. Райкомда 3 бөлім болатын. Біріншісі ұйымдастыру бөлімі, екіншісі үгіт және насихат бөлімі, үшіншісі жалпы бөлім еді.

Бір орында 10 жылдан астам қызмет атқарған аудандық партия комитеті нұсқаушысы Әбдіжәлел Ерәлиев болатын. Ол – ұстаздар отбасының түлегі. Әкесі Көшекбай Ерәлиев саналы ғұмырын ағарту саласына арнаған. Осындай төрбелі, өнегелі отбасынан шыққан Әбдіжәлел жастайынан мектепке барып, 16 жасында орта мектепті бітіреді. Сол жылы Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институтын «Қазақ тілі және әдебиеті» факультетіне түсіп, оны 1957 жылы жиырма жасында бітіріп шығады. Жиырма жасында институтты тәмәмдап, жоғары білім алып шығу ол кезде оңай шара емес еді. Пединститут бітіргеннен кейін алғаш еңбек жолын жолдамамен Қарағанды облысының Ұлытау ауданында бастайды. Содан кейін 1958-1959 жылдары Сырдария ауданындағы А.С.Пушкин атындағы орта мектепте ұстаз, аудандық пионерлер үйінің директоры қызметін атқарды. 1959-1962 жылдары Түркіменстанның Ашхабад қаласында әскери борышын өтейді. Сол кезеңде Коммунистік партия қатарына өтеді. Әскерден оралғаннан кейін туған ауылы Мәдениетке келіп, өзі білім алған №32 мектепке жұмысқа орналасып, мұнда 1962 жылдан 1965 жылға дейін ұстаздық қызмет атқарды.

Мектепте қызмет жасап жүрген уақытта ауылдың қоғамдық өміріне белсене араласды. Соххозда өтетін әртүрлі идеологиялық шараларға саяси басшылық жасап, насихатшы болып жұмыс жүргізді. Өзінің өңбекүйшілігін, біліктілігін, саяси сауаттылығын көрсете білген жас кадрды аудандық партия комитеті 1965 жылы үгіт-насихат бөліміне нұсқаушы етіп қызметке алады.

Әбдіжәлел Ерәлиев өзінің білікті де іскер, ұйымдастыру қабілеті мол саяси қызметкер екенін көрсете білді. Аудан аумағында өтетін халыққа мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, түрлі спорттық жарыстар өткізу, көр-



кеменерпаздар шығармашылық кештерін ұйымдастыру, социалистік жарыстарды қорытындылау, елді мекендерді көркейту мен көгалдандыру, көрнекті үгіт жасарту және басқа да шараларды өткізу кезінде ол осы жұмыстардың бел ортасында жүретін. Жай жұрмәйтін жұмысты жүйелі ұйымдастырып жүретін, ақыл-кеңесін беріп, көпшілікті қолға алған іске жұмылдыратын. 1978-1980 жылдары Коммунизм соххозының партокм хатшысы болып, абыройлы қызмет жасады. Осы қызметте жүргенде денсаулығы сыр беріп, аудандық білім қоғамына жетекшілік етті.

Әбдіжәлел Ерәлиев 1985 жылы 49 жасында дүние салды. Содан бері де қаншама уақыт артта қалды. Жылдар жүгі қаншама ауыр болса да ұрпақ жалғасымен ол күндер алыстаған сайын ұмытпағалы бастайды, ал біз сол өмірдің ағынымен келе жатып, жан дүниесі аппақ қардай болып өткен Әбдіжәлел Ерәлиев жайында біршама ой өрбіттік.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Халықаралық Жазушылар
одағының мүшесі

Жақсылардың жүріп өткен жолы – кейінгі буынды жарқын болашаққа жетелейді. Сондықтан еске лең ұрпаққа өткенді айту керек-ау! Өткен күндер көзден таса болса да, көңіл түпкіріне түнеп қала береді. Жаратқан менің пешенеме жақсы адамдармен жүздесуді және сол жандарға қызмет ету бақытын жазыпты.

Ауданда маңдайы жарқыраған небір тұлғалы азаматтар болды және олар жамбасы жерге тигенше халқына адал қызмет етті. Осыдан бірнеше жыл бұрынғы аудандық өкімдершілік (бұрынғы райком) қызметкерлері өлі күнге көз алдымда. Мен сол ағаларға кішілік жөн-жоралғыммен қызмет жасаған келіндердің бірімін. Жетпісінші жылдардың басынан өрісі одаққа, облысқа белгілі аға-апаларымызбен сыйлас, дәм-тұзdas болған екенбіз.

Менің жолдасым Зордан Салықбаев 1971 жылдың маусым айында аудан өкімшілігіне үгіт-насихат бөлімінің орынбасары (қазіргі бас маман) қызметіне келді. Оған дейін мектепте, аудандық газетте қызмет жасаған. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы туымы бөлек, туғасы дара қоғам қайраткері Исатай Әбдікерімов, өкіші хатшы елге белгілі Қанарман Табынбаев ағамыз, үшінші хатшы Жалағаштың дара қызы, дана қызы Нәзат Сержанханова ағамыз еді. Ұйымдастыру бөлімінің басшысы – Сәду Шадаев, ал үгіт-насихат бөлімінің басшысы Межіт Әбдіжәлел және Асан Бексәтбетов, Мәжит Сағдатов ағайлар қызмет жасайтын. Әр бөлімде Ишанғалиев Ұлықпан, Тоқсанов Көптілеу, Ерәлиев Әбдіжәлел сынды ағаларымыз бірге қызмет етті. Оның үстіне үйіміз сол жылдардан бері өкімдершілік ғимаратымен көрші тұрып келетін. Сондықтан болар, аудан орталығындағы осы бір өңесі биік ақ үй мен үшін қасиетті де киелі қалпын да санамда сақталып қалды. 1973 жылы желтоқсан айында Шадаев Сәду ағамыз бақылау комитетінің төрағасы болып ауысып, Ұйымдастыру бөлімінің басшысы қызметіне

Жұлдыздар артына із қалдырады



Арал ауданынан (бүгінде бұл кісі Жалағаш ауданының құрметті азаматы, бірнеше кітаптың авторы) Шақара, Шыңғыс Айбосынның келді. Осы аттары аталған азаматтар қызметтес ретінде бір-бірімен жақын сыйластықта, жанұялық қарым-қатынаста болған еді.

Өмір – көшкен көруен. Көздерінен мейірім нұры төгіліп, көмейінен ақық ақтарылған сол көз көрген ағаларымыздың да қатары сиреп қалды. Сол ардақты азаматтардың, абаза ағалардың арасында Әбдіжәлел Ерәлиевтің орны ерекше еді. Амал не, нағыз кемел шағында өмірден озды. Әбдіжәлел ағаның көзі тірі болғанда тоқсанға толар еді...

Жақсы аға жайында сөз қозғалса, менің көз алдымнан ескі суреттер естеліп елес береді. Сол жылдары бір күрші ору науқанында өкімдершіліктің қызметкерлері Мәдениет алуына уәкіл болып барса керек. Соххоздың директоры – Еспанов Ұзақ ағай. Ауданнан уәкілдер барғанда директор кенесінде емес, күршіліктің басында болады. Уәкілдер кенесінде қалған жас қыздардан жөн сұрасқан соң қырманға қарай кетті. Ауылға ауданнан уәкіл келгені егіс басында бірден естіген Ұзақ ағамыз көңсеге келіп

түсіпті. «Ә.Ерәлиев – «ақ», «3.Салықбаев – «қара», «1:0, 1:1» деген жазулар және бұл 1982 жылға дейін жалғасып отырған. Зордан қағаз жазуға ерінбейтін. Қаншама жылдар бойы сақталған бұл қойындылар ағалы-інілі кісілердің достығының бір күәсінедей.

Әбдіжәлел ағай ауырып ауруханана түседі. Үйіне шығып келген соң бірге жүрген бірқатар азамат көңілін сұрап барыпты. Сонда ол кісі сұрықат дендеген бойын тіктеп, көңілін сұрай барған жолдастарына күлімдеп отырып күй тартып береді. Бұл да ол кісінің бойындағы тектіліктің нышаны болар. Аға ауруханадан шығып келгенде анасы да тесек тартып жатады. Сонда Зордан сұрықат анаға баласы Әбдіжәлелді өбден дерттің мендегенің бірақ соған қарамастан көңілін сұрай барған жолдастарына күй тартып бергенін айтып іштей егіліп, сөзінің аяғын жұтып қояды. Бұл оның жүрегінің нәзіктігі, ұзақ уақыт сыйластықта болған асыл ағаны өлімге қимамығаны болар. Сөйткен Әбдіжәлел ағаймен анасы бір айда дүниеден өтті.

Ағаның артында қалған өнегелі жолымен бүгінде ұл-қызы мен нәмерелері жүріп келеді. Ағаның жары Құлайша ағамыз шаңырағының отын өшірген жоқ. Ұзақ жыл білім беру саласында жемісті де абыройлы еңбек етті. Ұрпақ тәрбиесінде еңбек ірігерлердің ұстазы, ардақты ана, нәмерелерінің бойына тәлім тұмарларын әже болды.

Орында бар оңалар. Иә, ағаның артында жалт өткен жасын ғұмырын жалғайтын ұрпағы барда, елім деп өткен өңбегің, қызметің бағалайтын халқы барда есімің гасырлар төрінен жаңғырып тұрады сөзсіз.

Дина МИРМАН,
ардагер-ұстаз

Мақалалар Әбдіжәлел Ерәлиевтің ұрпағы, ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Роза Көшекбайқызының «Перзент парызы» атты кітабынан алынды

Білім

Аққырдағы алтын ұя



Аудан орталығынан шалғай орналасқан Аққыр ауылына өткен аптада тілшілік тіршілікпен жол түсті. Сапарымызда осы ауылдағы №188 орта мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, жаңа оқу жылында алғаш мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндер және түлектермен жүздестік. Мектеп директорының айтуыша, ауыл мектебі биылғы оқу жылында 154 оқушыға құшағын айқара ашқан.



Мектеп директоры Еркін Әбжамаловтың басшылық қызметке тағайындалғанына көп болмаған. Әйтсе де бұл салада жиган тәжірибесі мол білікті басшы ауыл мектебінен озат оқушылар шығаруды басты мақсат еткен. Сөзінше, ауылдағы алтын ұя жаңа оқу жылында 154 оқушымен бастаған. Мұнан бөлек 19 оқушы мектепалды даярлық тобына келсе, 16 оқушы 1 сыныпқа қабылданған. Мұнда ауыл оқушыларына 31 ұстаз білім беріп, еліміздің келешегін қалыптастыру жолында тынымсыз еңбек етіп келеді. Олардың ішінде 5-еуі педагог-зерттеуші, 11-і педагог-сарапшы, 10-ы педагог-модератор, 4-еуі санатсыз. 102 бала күніне бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. Оның 65-і бастауыш сынып оқушысы болса, 37-сі әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары. Бүгінге дейін оқушылар немесе ата-аналар тарапынан ыстық тамаққа қатысты ешқандай теріс пікір алмағанын айтқан Еркін Жағыпарұлы, бала қауіпсіздігі үшін астың сапасы үнемі өзінің бақылауында болатынын тілге тиек етті.

– Ауыл мектебі аудан орталығынан алыс демесеңіз, оқушыларымыз білім алу үшін мұнда ешқандай кедергі жоқ. Былтырғы оқу жылында мектепті 10 оқушы бітіріп, түлектер түгел ҰБТ-ға қатысқан болатын. Қазіргі таңда барлығы жоғары оқу орнында білім алуда, сондай-ақ үздіксіз білім мен еңбектің нәтижесінде 3 оқушымыз «Үздік аттестатқа» үміткер атанды. Ал биыл мектептен 8 түлкіті үлкен өмірге қанат қақтырамыз. Әдеттегідей түлектер 100 пайыз ҰБТ-ға қатысуға ниетті. Қазіргі таңда күні-түні дайындық үстінде. Нәтижелері жаман емес. Жақында ғана Қызылорда қаласындағы ҰБТ-ға дайындық орта-

лығында оқушыларымыз білімін сынап, тест тапсырып, жақсы нәтиже көрсетіп қайтты. Қуантарлығы, жазғы уақытын тиімді пайдаланған түлектер жаңа оқу жылы басталысымен мектептің тыныс-тіршілігіне қатынаса отырып, балл жинай бастады. Биыл 1 түлегіміз «Үздік аттестатқа» үміткер. Діттеген мақсатымызға жету үшін дайындықты үздіксіз жүргізе береміз, – дейді мектеп директоры.

Айта кетейік, мұндағы түлектер жыл сайын ҰБТ-ға түгел қатысуды дәстүрге айналдырған. «Арбаның алдығы дөңгелегі қайда жүрсе, соңғысы да сонда жүреді» демекші, биылғы түлектердің де аяқ алысы жаман емес. Еркін Жағыпарұлының сөзіне сүйенсек, соңғы 8 жылда білім алған түлектердің барлығы ҰБТ-ға түгел қатысып, еліміздегі маңдайалды жоғары оқу орнында білім алу мүмкіндігіне ие болған. Биылғы түлектердің басым көпшілігінің таңдауы шығармашылық мамандықтарға түскен. Сондай-ақ 1 оқушы физика-математика пәнін таңдаса, 1 оқушы биология-география, және тағы 1 оқушы дүние жүзі тарихы мен география пәнін таңдауды жөн санаған.

«Кітап – білім бұлағы» демекші, мектепте жас ұрпақ үшін білім мен біліктіліктің, байлықтың ордасына айналған киелі мекен – кітапхана. Мектеп кітапханашысы Мөлдір Пітірбаеваның айтуынша, оқушылардың кітап оқуға деген құштарлығы жоғары, әсіресе олардың көркем әдебиет шығармашылығына қызығушылығы басым екен. Бүгінде кітапхана қорында 11 676 кітап бар, оның – 9 196-сы – оқулық, 493-і – көркем әдеби кітап. Мектеп директоры кітапхана оқушылардың шығармашылық жұмыспен шұғылдануына

көп ықпал ететін орын екенін тілге тиек етіп, мұнда жастарды кітап оқу мәдениетіне тәрбиелеп, олардың поэзияға деген құлшынысын арттырып қана қоймай, мәнерлеп оқу жарыстары мен түрлі танымдық шаралар көптеп ұйымдастырылып тұратынын жеткізді.

Мұнда балалар бір ауысыммен білім алады. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында оларды жан-жақты дамыту жұмысы бір жолға қойылған. Бүгінде аталған білім ошағында баскетбол, волейбол, шахмат, футбол тоғызқұмалақ сынды үйірмелер жұмыс жасайды. Олар білім бәйгелерімен қатар спорттық сайыстарда да топ жарып жүр. Сөзімізге мектеп қабырғасында меймұндалап тұрған марапаттар дәлел. Мәселен, былтырғы оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша 9-11 сынып оқушылары арасында өткен аудандық олимпиадаға 13 оқушы қатысып, оның 3-еуі жүлделі орындар иеленген. Сондай-ақ 1 оқушы ауыл мектептеріне арналған олимпиаданың облыстық кезеңінде III орынға тұрақтаған. Мұнан бөлек «Дарын» жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен ғылыми жоба байқауына 2 оқушы қатысып, 2-еуі де жеңіс тұғырынан көрінген. Ал «Зерде» ғылыми жоба байқауында 5 оқушы бақ сынап, 3-еуі жүлделі орындар иеленген. Мектеп директорының айтуынша, бұл жетістіктер биыл да жалғасын тапқан.

Жаңа оқу жылында «Дарын» жалпы білім беретін пәндер бойынша өткен ғылыми жобаға 4 оқушы қатысып, 2 оқушы жүлделі II, және III орын иеленген. Мұнан бөлек «Зерде» ғылыми жоба байқауына 8 оқушы қатысып, 5 оқушы жүлделі орынға ие болған. Бұл жетістіктер – ұстаздардың

тынымсыз еңбегі мен оқушылардың қабілетінің жемісі. Сондай-ақ мұнда арнайы «Жасыл мектеп» бұрышы да қарастырылған. Бұл жақта оқушылар гүлдер мен жеміс-жидектер, көкөністер егеді. Атап айтсақ, фикус, шөптер, кактус, герань, роза, әйел бақыты, алоэ, бархат, шырмаяқ сынды 20-дан аса гүлдер мен қиыр, қызанақ, ашы бұрыш, салат шөптері егіледі. Бұл арқылы ұстаздар оқушыларды ерте еңбекке баулуға, ауыл дақылдарын егіп, оны баптауға үйретеді.

Мектеп ұжымы оқушылардың жазғы тынығуын тиімді өткізу мақсатында былтыр міндетті оқу қоры есебінен кенттегі «Ақтөре» тынығу лагеріне 15 оқушы, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының «QH Жазды жолдама» қайырымдылық жобасы аясында «Қуаныш» тынығу лагеріне 1 оқушы, Алматы қаласындағы «Талдысу» лагеріне ауылдағы жеке кәсіпкерлер есебінен 2 оқушы жіберілген. Сондай-ақ «Мектепке жол» акциясы аясында мұғалімдер мен бірқатар кәсіпкер 26 оқушыны киім-кешек, оқу-құралдармен толық қамтамасыз еткен.

Жаңа кабинеттер жасақталған

Еркін Жағыпарұлы сұхбат барысында биылғы оқу жылы мұндағы білім алушылар үшін жақсы жаңалыққа толы екенін айтты. Өз заманында мектептің тынысын кеңейтіп, оқушыларға қолайлы жағдай жасаған ауыл ардагерлері мен ұлағатты ұстаздың атынан арнайы кабинеттер ашылған.

– Өзіңіз көргендей, мектебіміз заман талабына сай, ер пәнді терең үйренуге мүмкіндік беретін жақетті құрал-жабдықпен, интерактивті тақта, компьютерлермен қамтамасыз етілген. Бұл бастама ауыл балаларының заманауи кабинеттерде білім алуына, мектептің жаңаруына көптеп көмектесуде, – дейді ол.

Иә, мектеп тынысымен танысып жүргенде ел еңесін тіктеуде ерен еңбек еткен ел ағалары мен ұлағатты ұстаздың есімі берілген арнайы кабинеттерге назарымыз түсті, яғни мұнда Сабырбек Бақтыбаев атындағы информатика кабинеті, Әуесхан Есберген атындағы математика кабинеті бар. Мұнан бөлек жуырда ұлағатты ұстаз Айтқұл Ізбасованың отбасы ардагер ұстаздың құрметіне орай тарих кабинетін ашқан.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» екенін ескерген мектеп ұжымы ел ертені болған жастарды тұлға етіп қалыптастыруда сапалы білім беріп қана қоймай, ұрпақ тәрбиесіне де басымдық берген. Талай таланттың талабын шыңдаған білім ордасынан оқу озаттары шығуы заңдылық. Себебі мектеп ұжымы бала бойына білім дарытып, бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыруда аянып қалмайды. Сөзімізге аядай ғана ауылдағы алтын ұядан жыл сайын түлектердің ұлттық бірыңғай тестілеуге түгел қатысып, білім грантын жеңіп алуы дәлел. Бастысы, ұстаздар тәжірибелі, оқушыларда ынта жоғары. Нәтиженің қалай қалыптасқанын осыдан-ақ аңғаруға болады.

Озат оқушы

Бүгінде аудандағы озат оқушылар білімін әр салада саралап, қабілетін шыңдауда. Мәселен, №188 орта мектептің 10 сынып оқушысы Қарақат Әбдір – озат оқушының бірі. Ол түрлі білім бәйгелерімен қатар спорт саласында да өзінің мықтылығын дәлелдеп келеді.

Қарақат – мектеп мақтанышы



Білімге құштар Қарақат – мектеп мақтанышы. Ол бүгінге дейін бірнеше мәрте білім бәйгелерінде топ жарған. Тек бір ғана пәнмен шектелмей, биология, әдебиет сынды сабақтардан да үздік атанған.

– Ес білгеннен қазақ әдебиеті пәнін жақсы көремін. Кітап оқығанды, шығармаларды талдағанды, мәнерлеп өлең оқыған ұнатамын. Анам – кітапханашы, сол кісінің арқасында кітап оқуға деген қызығушылым бала күнінен ояңды. 6 сыныптан бастап әдебиет пәнінен өткен аудандық мәнерлеп оқу байқауларына, атап айтсам, «Абай Құнанбаев», «Лияс Жансүгіров», «Әбіш Кекілбаев», «Шерхан Мұртаза», «Мәшһүр Жүсіп», «Мұқағали Мақатаев», «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Ахмет Байтұрсынұв» оқуларына қатысып, жүлделі орындар иелендім, – дейді Қарақат Шыңділдеқызы.

Жыл басын жеңіспен бастаған Қарақат жақында ғана «Мамандықтар өлемін ашамын» тақырыбы аясында өткен республикалық форумның облыстық кезеңінде «Болашақ мамандығы» номинациясы бойынша III орын иеленген. Мұнан бөлек «Алтын қазына» көркем сәндік-қолданбалы балалар шығармашылығының республикалық көрме-байқауының аудандық кезеңінде «Тоқыма бұйымдарын дайындау» бағытында алғашқы үштіктен көрінген. Сондай-ақ ол 6 сыныптан бастап дебат сайысына да тұрақты қатысып келеді. Қазіргі таңда «Парасат» пікірсайыс клубының мүшесі. Аудандық сайыстан жүлделі I, II орын иеленіп, «Ең тапқыр ойыншы», «Ең үздік ойыншы», «Ең үздік спикер» номинацияларын иеленген.

Жоғарыда айтып өткенімдей, кейіпкеріміз – қазіргі таңда 10 сынып оқушысы, яғни келер жылы бітіруші түлек. Сондықтан ол уақытының басым бөлігін жарысқа емес, алғашқы үлкен сынақ ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындыққа арнаған. Оның таңдауы қазақ әдебиеті пәніне түскен. Кейіпкеріміздің «ұстазым сеніңді білікті маман иесі болуды қалаймын» деген сөзінен-ақ мұндағы ұлағатты ұстаздардың шәкірттеріне қандай үлгілі жан екенін аңғардық.

Айта кетейік, озат оқушы – алтын ұядағы мектеп парламентінің президенті. Бүгінде оның бастамасымен мектеп қабырғасында жоспардан тыс бірнеше шара ұйымдастырылған. Мәселен, жақында ғана олар қайырымдылық шарасын өткізген. Шара барысында оқушылар үйлерінен керекті азық-түлік әкеліп, ауылдағы толық үштіктен отбасылардың біріне апарып табыстаған. Кейіпкеріміздің айтуынша, бұл игі дәстүр бұған дейін де бірнеше рет өткізіліпті.

Еліміздің алтын діңгегі аталған қарттарымызды құрметтеу – әрбір азаматтың басты міндеті. Үлкенге құрмет көрсетуде аққырлық жастар жолынан жаңылған емес. Бұл сөзімізге мектеп парламенті мүшелерінің ардагер аналарымыздың үйіне барып, тазалық жұмыстарын жүргізіп, қажетті қол көмектерін көрсеткені дәлел. «Қарттарымызды құрметтеу, олардың қажеттілігіне жарай білу – біздің парызымыз» деген кейіпкеріміз игі іске жұмылған достарына ризашылығын білдіріп, қарттарымыздың ақ батасын алудан асқан бақыт жоқ деп біледі.

«Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» демекші, Қарақаттың озат оқушылар қатарынан көрінуіне ұлағатты ұстаздарының да қосқан үлесі зор.

– Қарақат – мектебіміздің мақтанышы. Бала күнінен білімге құштар, мектеп қабырғасында өтетін түрлі шараларға қатысып, ұстаздар сенімін ақтап келеді. Қоғамдық шараларға да белсене атсалысады. Мектеп қабырғасында өтетін кез келген шара Қарақаттың қатысуынсыз өтпейді десе, артық айтқандық емес. Себебі ол – мектептегі жан-жақты, қатарластарының арасында үлгілі оқушы. Үнемі ізденіс үстінде жүріп, барлығына уақыт табады. Аудандық, облыстық сайыстар, пәндік олимпиада мен ғылыми жобаларда үздіктер қатарынан көрініп келеді, – дейді сынып жетекшісі Лаура Рахметова.

Иә, кейіпкеріміз білім бәйгелерінен бөлек спорттық сайыстарда да бірнеше рет тартысты ойын өнеріні көрсетіп көзге түскен. Ол – бүгінде мектептегі баскетбол, волейбол құрамасының белді мүшесі. Озат оқушының бойындағы қабілетін дер кезінде байқап, талантты шыңдауына зор мүмкіндік беріп, бағыт-бағдар көрсеткен мектеп ұжымының еңбегі өлшеусіз. Ұстаздарының айнасы болып, мектеп мақтанышына айналған Қарақаттың білім бәйгесіндегі биіктігінен үлгі алар оқушы көп.

Бетті дайындаған Сезім НҰР



Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеуді серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
 “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
 Бас директор - 8(7242) 70-00-56
 Бас редактор - 32-0-41
 Бас редактордың орынбасары,
 жауапты хатшы,
 бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
 Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.
 Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
 Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
 Тел.: 8(7242) 40-06-68.
 Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №610